

Н ТУЫ

ТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

февраль Жұма

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын

1 Март—еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауы күні.

Совет халқы жергілікті Советтердің сайлауын туысқан Коммунистік партияның төңірегіне, данышпан көсеміміз және ұстазымыз Ұлы СТАЛИННІҢ төңірегіне бұрынғыдан да берік топта-
сумен қарсы алады.

рмен ары

ташылық орындары
ілінде, дұрыс жасау-
сіз орындаудың ша-
елгілеп, жүзеге асы-

тетінің III пленумы
рда өзара жасасқан
е дейін тиісті мән
оворларда алынған
е, жұмыстың түрле-
гіннің шығымдылы-
елердің орындалмай
стік жағдай деп
олса партия, совет
таруашылық орын-
хөздар арасындағы
ен жасалып, оның
ақтылы басшылығы

о оның ішкі мүм-
қ қуатына сәйкес
МТС-тер колхоздар-
рда алынған мін
түр-түрі бойынша
нар, әсіресе, пар-
ау, жемшөп дайы-

Коммунистер мен партияда жоқтардың кандидаты

Қыр кемесінің капитаны

Образцовый машина-трактор станциясы мастерской залының орта кезіне орнатылған тексеру станогінде орта бойлы қара торы жігіт жұмыс істеп жатыр. Оның байыпты қыймылы мен өткір көз қарасы өз ісіне шын берілген, оны толық меңгерген адам екендігін айтпай-ақ аңғартқандай. Өз жұмысына беріле кіріскен ол көзір басқа еш нәрсені аңғарар да емес. Комбайн моторын тексеріп жатқан ол, бір кезде ренішті жүзбен қасында тұрған ұзын бойлы адамға:

—Антон, неғыл-байқамадың, цилиндр мен поршеньнің арасындағы саңлауды сақтамапсың ғой, сондықтан олардың шайналысып қалуы ықтыымал. Екінші рет жөндеуіңізге тура келеді, —деді.

Бұл кезде оның қасына жөнделіп шыққан екінші бір моторды тексеруге әкеле жатқан механик-контролер Средников те жеткен еді.

—Петр Степанович,—деді қара торы жігіт, Средниковке қарап,—мотордың бөл-
сін валын орнатқанда оның нық тұруына қадағалап, көңіл аударумен бірге алдыңғы юдшипникті оған тым жақындатпау керек. Ал, сіз әкелген мотор керісінше жөн-

—Кәрім сен еңбекті сүйесің, ал, алғашқы сәтсіздіктен абыржып қалу саған ұят. Ерінбей еңбектесең, сенің жақсы комбайншы болуыңа мен көпін,—деді директор Кәрімге.

Келесі жылы Кәрім комбайнды едәуір жақсы меңгере бастады. Бұрынғыдай емес, ендігі жерде комбайнды өзі жөндеп, қосалқы бөлшектерді өзі орнатуға да жетісті. Тіпті жатып қалған егінді жыйнау да енді оған бұрынғыдай қиын болған жоқ. Аз уақыт ішінде ол «СЗК» комбайнымен 500 гектар жердің егінін орып, 4607 центнер астық бастырды. Бұл МТС көлеміндегі «СЗК» комбайндарының ең жоғарғы көрсеткіші еді.

МТС ауласында өткен бір сол жылғы Кәрімнің есінен кетер емес. Шынында да, оның жұмысына екілін беріп, еңбекке жігерлендірген де, еңбек қарқынын бұрынғыдан да зор арттыруға да себеп болған жағдай осы жыйналыста болған еді.

Бұл күні МТС партия ұйымының секретары Григорий Иванович Волков жолдас Дон комбайншысы, Отан соғысының мүгедегі, екі аяғы жоқ Прокопий Нектовтың

Бесінші бесжылдықтың стахановшылары

Сыйыр сауудың және төл өсірудің шеберлері



жырту жоспарын—20, шар-
жырту жоспарын—6 процент қана орын-
дады.

Жалғыз бұл емес, колхоздармен жасасқан договорларды Семиполка, Пушкин атындағы, Ворошилов атындағы және басқа да бірнеше МТС-тер қанағаттанғысыз орындады. Осымен бірге, бұл МТС-тер мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға мүлде қатысқан жоқ.

Бәзір облыста МТС-тер мен колхоздар арасында 1953 жылғы жұмыс договорлары жасалып жатыр. Колхоз, МТС басшы-

лығымен қолдану қажет.

МТС-тердің колхоздармен жасасқан договорлары—заңды күші бар документ, сондықтан оны екі жақ бірдей сөзсіз орындауға міндетті. Бұл жөнінде жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық орындарына зор міндеттер жүктеледі.

Договорлық міндеттемелерді мерзімінде жасап және оны толық орындау, сойтіп, бесінші бесжылдықтың үшінші жылында социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуде жаңа зор табыстарға жету—колхоздар мен МТС-тердің аса маңызды міндеті.

Ағаш отырғызудағы жаңалық

Оңтүстік Қазақстан облысындағы Қызылқұм орман шаруашылығы сексеуіл егуге кірісті. Сексеуіл тоғайы былтырғы жылы тексерілген жаңа, тиімді әдіс бойынша жүргізілуде. Сексеуіл тұқымы әзірленген көлемді жерге себіледі. Сексеуіл тұқымын бұл әдіспен егу бір гектар жерде 15 мың түпке дейін сексеуіл ағашының өсуін қамтамасыз етеді. Қазақ ССР Орман шаруашылық Министрлігінің орман шаруашылықтарының өзі ғана быйыл 7200 гектар жерге сексеуіл егеді. Бұл—былтырғыдан біржарым есе артық.

Ақмола облысындағы Отрадный орман шаруашылығының ағаш өсірушілері белгілеген қарағай тұқымын егер алдында көктетіп алу әдісіне ерекше назар аударады. Сексеуіл тұқымы себілер алдында бір ыдысқа салынып, 2 сағат бойына су ішін-

де ұсталады, сонан кейін тұқым жылылығы 16—20 градустық үйге жұқа етіліп жайылады, күніне екі рет араластырылып, үстіне су шашылады. Осылай екі тәулік жатқаннан кейін тұқым көктей бастайды. Көктеген тұқым көлеңкеде кептіріліп, одан кейін питомникке егіледі. Қарағай тұқымын егер алдында яровизациялаудың бұл жаңа әдісі быйыл республикамыздың орман шаруашылықтарында қолданылады.

Отрадный орман шаруашылығында қайың тұқымын егудің жаңа әдісі жасалды. Бұл әдіс бойынша қайың тұқымы екі жыл сақталса да көктеп шығу қабілетінен айырылмайтындығын тәжірибе айқын көрсетті.

Быйыл республикамызда жаңа ормандар мен егін қорғау алқаптарының көлемі ондаған мың гектар ұлғаяды.

(ҚазТАГ).

КӨКТЕМГІ ЕГІС ҚАРСАҢЫНДА

БУРНОЕ. (Жамбыл облысы) (ҚазТАГ). Жуалы ауданы—Жамбыл облысындағы астықты ірі аудандардың бірі. Былтыр аудан егіннен мол өнім алды. Колхоздардың табыстарының жартысынан көбі мемлекетке астық тапсырудан түсті.

Быйыл колхозшылар жаңа табыстарға жетті. Миллионер колхоз «Путь Ленина» 4 мың гектар жерге дәнді дақылдар егеді. Жаздық дақылдар егілетін жердің бәрінде күзде зябь айдалған. Егіс даласына көпте-

ген органикалық тыңайтқыштар тасылды. Енді күздік дақылдар үстем қоректендірілуде. Тұрат Қазанқаров пен Бибасар Арқаевтың егіншілік бригадалары Бурное МТС-нің егіншілік бригадаларына қызмет ететін механизаторлармен ынтымақтасу договорын жасасып, әр гектардан 100 пұт өнім алуға міндеттенді. Карл Маркс атындағы, Горький атындағы, «Победа» ауылшаруашылық артельдері көктемгі егіске жақсы әзірленді.

Сонымен бірге қаладағы пионерлер үйінде сайлаушы әйелдердің сайлау алдындағы жыйналысы болып өтті. Оған қала өнеркәсіп орындарынан және мекемелерден 400 адам қатысты. Жыйналыс «Сайлауға әзірліктегі және оны өткізудегі сайлаушы әйелдердің міндеттері» туралы мәселе қаралды, бұл жөнінде әуерайын бақылайтын облыстық бюроның инженері Коваленко жолдас баяндама жасады.

Бұдан кейін жарыссөз басталды. —Мен сайлау құрметіндегі социалистік жарысқа қосыла отырып,—деді өзінің сөзінде шойын құю-таразы зауыдының стахановшысы Вишнякова жолдас,—еңбек өнімділігін еселеп арттырдым. Күнделік жұмыс тапсырманың орындалуы 1,5—2 еседен артты. Бұл мезгіл сайлау күніне әзірлеген тартуым.

Бұл мезгіл сайлау күніне әзірлеген тартуым.

Сайлаушы әйелдердің жыйналысы

Жақында қаладағы пионерлер үйінде сайлаушы әйелдердің сайлау алдындағы жыйналысы болып өтті. Оған қала өнеркәсіп орындарынан және мекемелерден 400 адам қатысты. Жыйналыс «Сайлауға әзірліктегі және оны өткізудегі сайлаушы әйелдердің міндеттері» туралы мәселе қаралды, бұл жөнінде әуерайын бақылайтын облыстық бюроның инженері Коваленко жолдас баяндама жасады.

Бұдан кейін жарыссөз басталды. —Мен сайлау құрметіндегі социалистік жарысқа қосыла отырып,—деді өзінің сөзінде шойын құю-таразы зауыдының стахановшысы Вишнякова жолдас,—еңбек өнімділігін еселеп арттырдым. Күнделік жұмыс тапсырманың орындалуы 1,5—2 еседен артты. Бұл мезгіл сайлау күніне әзірлеген тартуым.

2 Грамотасымен, бірнеше рет облыстық және аудандық комсомол комитеттерінің Грамоталарымен наградталды.

Аудандық Советтің сайлауын өткізетін № 8 сайлау округінің сайлаушылары аудандық Советтің депутаттығына кандидат етіп Образцовый МТС-нің озат комбайншысы, комсомол мүшесі Кәрім Тілеулин жолдасы ұсынды.

Кәрім Тілеулин халық сенімін ақтайтын, лайықты кандидат.

Т. КӘКІМОВ.

Киров атындағы орта мектептің оқытушысы Петрухина жолдас Совет өкметі тұсында ғана, Сталиндік Конституцияның арқасында әйелдер еркектермен бірдей еңбек етуге, білім алуға, тынығуға, сайлауға қатысуға право алғандықтарын айта келіп, жыйналысқа қатысушыларды жергілікті Советтердің депутаттығына кандидаттарға дауыс беруге шақырды.

Жыйналысқа қатысушылар сайлау күні депутаттыққа ұсынылған кандидаттарға біркісідей дауыс беретіндіктері жөнінде зор сенім білдірді.

Жыйналыстан кейін сайлаушы әйелдерге қалалық мұғалімдер үйі көркемөнерпаздарының күшімен концерт көрсетілді.

Толық әзірленді

Булаев ауданындағы «Победа» колхозының партия ұйымы сайлауға әзірлік жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыра білді. Осының нәтижесінде көзіргі күнде мұнда сайлауға әзірлік барлық жағынан тыңылықты аяқталып отыр.

Участоктық сайлау комиссиясының мүшелері үгітшілердің көмегімен дауыс беретін үйді бірнеше кабинеттерге бөліп, плакаттармен, ұрандармен және көсемдердің портреттерімен безендірді. Сол сыяқты,

билетень салатын урна да дайындалған. Үгітшілер Пиненбаев, Төлесев және Сағдиев тағы басқа жолдастар өз участоқтарындағы сайлаушыларға дауыс беру тәртібін түсіндірумен бірге, сайлауға ұйымшылдықпен қатысуға, жергілікті Советтердің депутаттығына кандидаттарға біркісідей дауыс беруге шақыруда.

Ә. ЗАҒЫПАРОВ,

ҚЛЖО Булаев аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі.

сіне а
дәулет
адал
тамаш
Өтке
да 13
бойын
дан 14
еді, о
дап ш
сырма
біржар
Колх
дың қ
отыр.
бұзаул
быйыл
бұзаул
өсіруде
ға деп
ті. Сый
ландыр
Ал бұз
лысын
бектерін
қарауы
лардың
ді.

—Ма
герина
баға б
оның ө
рибеден
біздің
6 жыл
де біз
бұзауда
ферма
қосып
рілген
лаған
жақсы
ген бұл
жақсы,
Горис
тар бы
өткен
сауу ү

митетінің V пленумы

мектепті қам-ры басшыла-ізу жөнінде-қтылы іс іе-ата-аналар-е. Бірақ, кей-қаңдары, әс-ыяқты басшы-аные жаса-қуына шем-д баталарды-шілігін арт-

қ Советінің-қолдас кәсіп-де көрсетіп-қаладың бір-мектеп оқу-жы бөлін-ету, лекция-леді. Бірақ,-тәрбие жұмы-біліксіз. Кей-ерінің мәж-ерінің жалпы-жұмысының-делер қара-н байланысы

дас «Алтын-жылғы жұ-нагерді оқу-өзірлеу, оны-рбиешілермен-қталды.

ің бюро мү-д сөзінде об-Президиумы-Ахметов, па-ның секретарінің балала-з қарайтына-з совет жас-

көмегін талап етеді. Бірақ, не пайда, біздің мектепті өзінің қамқорлығына алған кәсіпорны, оның басшылары, басқаны айтпағанда, мектептің қайда орналасқанын да білмейді. Ал, қалалық партия комитеті, оның насихат және үгіт бөлімі мектептердің жұмысын тек мәліметтер арқылы ғана бағалайды, оның басшы қызметкерлері мектептерде жиі болып, партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсете алмай келеді.

Петропавл теміржол бөлімшесі саясаттық бөлімінің бастығы Кочемировский жолдас теміржол торабындағы мектептерде партияның XIX съезінің қарарларына әйкес оқу-тәрбие жұмысын жақсарту жөнінде істелген алғашқы жұмыстарды хабарлады. Бізде, деді ол, мектеп директорлары мен бастауыш партия ұйымы секретаряларының кеңесі өткізілді. Кеңесте партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында оқу-ағарту жұмыстары жөніндегі міндеттер талқыланды. Мұндай кеңес оқытушылар коллективімен және оқушылардың туысқандарымен де өткізілді. Бұл жұмыстар өзінің тиісті нәтижелерін беруде. Солай бола тұрса да, мектептерде оқу-тәрбие жұмысы өскелең талаптардың дәрежесін де емес. Қазіргі мектеп үйлерін кеңейту және жаңадан бірыңғыра мектептер салу жұмыстарын тездету қажет.

Мұнан кейін Кочемировский жолдас қалалық оқу бөлімін орыс мектептерінде қазақ тілі пәнінен сабақ беретін оқытушыларды іріктеп алу мәселесіне жеңіл-желпі қарайтыны үшін сынады.

№ 5 қазақ орта мектебі бастауыш партия ұйымының секретары Әбілманов жолдас өзінің сөзінде мектеп директоры Ғаббасовтың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алмағанын, оның қызмет бабымен пайдаланып, мектеп пен интернат мүлкіні талап-тарапқа салғанын, өз қарамағына

СПОРТ

Село спортшылары

«Колхозшы» ерікті спорт қоғамы облыстық Советінің командасы село жастарының 1953 жылғы республикалық шаңғы жарысында жақсы нәтижеге ие болды. Жарыс Семей қаласында өткізіліп, оған республиканың 6 облысының село шаңғышылары қатысты. Жарыстың алғашқы күнінің өзінде облыс шаңғышылары техникалық жақсы нәтижелер көрсетті. Ерлердің 4x10 километрлік эстафеталық жарысында олар бірінші орынға ие болды. Олардың жеңісі Алматы командасының өткен жылғы рекордтық жеңісінен асып түсті. 3x5 километрлік эстафетада облысымыздың әйелдер командасы үшінші орын алып, өздерінің өткен жылғы табыстарын жаңартты.

Ерлердің 30 километрлік және әйелдердің 5 километрлік жарыстарында да облыс шаңғышылары айтарлықтай табыстарға жетіп отырды. Конев, Егоров және Григорьев жолдастар Бүкілодақтық біркелкі жана классификация бойынша екінші разрядты жақсартты.

Республикалық жарыста облысымыздың «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының командасы және шаңғышылары алдыңғы қатарлы орындарға ие болып, республикалық физкультура және спорт комитетінің дипломдарын алды.

Республикалық шаңғы жарысында үздік шыққан облыс шаңғышылары Н. Егоров, П. Конев, Денисова жолдастар Бүкілодақтық шаңғы жарысына қатысуға право алды. Олар Бүкілодақтық жарыста да табысты болу үшін күш жұмсайтындығы сөзсіз.

Н. БОГДАНОВ,

«Колхозшы» ерікті спорт қоғамы облыстық Советінің нұсқаушысы.

Қалалық шаңғы жарысы

Қалалық физкультура және спорт комитеті еңбекшілер депутаттары жергілікті

ГАЗЕТТЕРДЕН

„Джойнт“ — американ разведкасының филиалы

Бұдан біраз уақыт бұрын Мемлекеттік қауіпсіздік органдары зиянды емдеу жолымен Совет Одағының белсенді қайракерлерінің өмірін қысқартуды өзіне мақсат етіп қойған дәрігерлердің террорлық тобын ашкереледі. Осы террорлық топқа қатысушылардың көпшілігін американ разведкасының филиалы болып табылатын еврейлердің халықаралық буржуазиялық-ұлтшылдық «Джойнт» ұйымы өзіне тартқан.

«Баянды бейбітшілік үшін, халықтық демократия үшін!» газетінің 6-шы номері де басылған Ян Маректің «Саяси қысқа мақалаларында» осы шпиондық сионистік ұйымның жексұрын бейнесі ашкереленген.

Еврейлердің буржуазиялық-ұлтшылдық «Джойнт» ұйымы, яғни ресми түрде аталатын «Көмек көрсету жөніндегі біріккен комитет», деп жазады Ян Марек, «іргі ниетті» ұйымдар дейтіндердің қатарына қосылады, осы ұйымдар арқылы американың тышшылық органдары өзінің шпиондық және диверсиялық әрекеттерін жүргізуде. Ірі банкирлер мен капиталистер, Уарбергер, Моргентаулар, Гугенгеймдер және сол сияқты басқа елдердегі өздерімен бір діндегілерге көмек көрсетуді сылтау етіп, дүниежүзілік бірінші соғыс жылдарының өзінде АҚШ-та ұйымдастырған «Джойнт» белгілі француз публицисті Жорж Сориа-ның жақын арада «Се суар» газетінде жазғанындай, «Американың құпия қызмет орындарына» толығымен тәуелді. «Джойнттың» басшы тобымен тығыз байланысты «Диллон, Рид энд компани» банкінің билеп-төстеушілері арқылы «Джойнт» АҚШ үкметімен және белгілі соғыс өртің тұтаңдырушылар Гарриманмен, Дрэйпермен сабақтасып, байланыс жасап отыр.

«Джойнттың» нағыз реакцияшыл директорлары арқылы жер мен көктің арасы

дыкпен, саботаждық жасаумен, валютадағы қулық-сұмдықтармен, жалдаптықпен және астыртын товар сатумен» шұғылданған.

«Джойнттың» әрекетіне тыйым салынған Совет Одағында бұл ұйымның мұқият жасырынған агенттері астыртын әрекет жасап келген. Жақында ашкереленіп, тұтқынға алынған, зиянды емдеу жолымен Совет Одағының белсенді қайракерлерінің өмірін қысқартуды өзіне мақсат етіп қойған кісі өлтіруші дәрігерлердің көпшілігі осы жауыздық сионистік ұйыммен байланысты болған. Азғын дәрігерлердің бірі — Вовси «ССРО-ның басты кадрларын құрту туралы» тікелей директиваны өзінің дәл осы «Джойнттан» алғанын мойындады.

«Джойнттағы» «іргі ниеттілердің» шын мақсаттарын мынадай факт мейлінше айқын дәлелдейді: 1950 жылдың басында «Джойнттың» өкілдері «Коммунизмге қарсы күресу жөніндегі американың конференциясының» жұмысына қатысқан, бұл конференция Нью-Йорктегі «Астор» отелінде өткен. Дәл осы конференцияда Американың реакцияшыл кәсіподақ басшысы Кери: «Болашақ соғыста біз коммунистерге қарсы фашистермен бірігіміз» деп мәлімдегені үшін миллиардлар оны қолшалақтап көшметтеген болатын.

«Джойнттың» американың разведкасы қамқорлыққа алған ұйым ретіндегі сыйпаты мынаның өзі де дәлелдейді: осы «іргі ниетті» шайқа троцкийшілдер, меншевиктер, эсерлер, буржуазияшыл ұлтшылдар, кулақ партияларының мүшелері және ССРО мен халықтық демократия елдерінен қуылған немесе қашып кеткен басқа да шпиондар мен опасыздар, қоғамның жексұрын сілдімтіктері туралы әңгіме болғанда ерекше мырзалық көрсетеді. Ал, Францияның «Се

СЕЛОЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ

Коммунистік партия мен Совет үкметі, көсеміміз Сталин жолдастың тікелей басшылық және аталық қамқорлық жасауының арқасында советтік интеллигенция үздіксіз өсіп, жетілуде. Біздің қоғамымызда советтік интеллигенцияның ролін Сталин жолдас жоғары бағалап былай дейді: «Халыққа тығыз байланысты, аса көпшілігі халыққа шын ықласымен беріліп, қызмет етуге әзір жаңа, советтік интеллигенция жасалды». Социалистік Отанымыздың экономикалық қуатын арттырып, ғылым мен техника, мәдениет саласындағы жетістіктерімізді бұрынғыдан да көбейте беру үшін советтік интеллигенция еліміздің жұмысшы табы мен колхозшы шаруаларына үлкен көмек көрсетуде. Көп жылдан бері социалистік жаңа интеллигенция совет елінің мақтанышы болып, партиямыз бен халқымыздың зор сеніміне, құрмет-қошеметіне бөленуде.

Селолық интеллигенция советтік интеллигенцияның таңдаулы бір бөлегі болып табылады. Селолық интеллигенцияның таңдаулы өкілдері көзір ауыл-селода партия мен совет, мектеп пен колхоз өміріне, жергілікті Советтердің сайлауын жоғары дәрежеде өткізу ісіне белсене араласып, партиямыздың XIX съезінің тарихи қарарларын, көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзі мен «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген дағыпшалық еңбегін ауыл-село еңбекшілеріне түсіндіруде және насихаттауда.

Мәселен, Ленин ауданындағы Еңбек орта мектебінің оқытушылары коллективті саяси-тәрбие жұмысының ауыл еңбекшілеріне тиіс әсеріне зор мән бере білгендіктен колхозшылар арасында үгіт және насихат жұмысын үздіксіз жүргізіп отыруда жергілікті партия, совет ұйымдарына ойдағыдай көмек көрсетуде.

Аудандық Советтің депутаттығына ұсынылып отырған мектеп директоры К. Тілегенов жолдас оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыра білумен қатар ол үнемі үгіт және насихат ісіне белсене қатысып отырады, коммунистер мен ауыл активінің саяси және жалпы білім дәрежесін көтеруге зор көмек көрсетеді. Тілегенов жолдас партияның XIX съезінің тарихи қарарларын үйренетін үйірмеде насихатшы болып істейді.

Осы мектептің оқытушылары Ө. Бағрамова мен Қ. Қалитов жолдастар коммунистік партия мен Совет мемлекетінің саясатын жалынды үгітшінің шебер тілімен, ыстық жүрегімен әрдайым үгіттеп отыруды, ғылым мен техника жаңалықтарын, сталиндік бесінші бесжылдықтың ұлы міндеттерін ойдағыдай ішкіп отырған совет халқының орасан зор табыстарын, социализм орнату жолына көшкен халықтық-демократия елдерінің жаңа жеңістерін ауыл еңбекшілеріне дер кезінде жеткізіп отыруды өздерінің ең сүйікті, ең аяулы борышы деп санайды.

Үгіт және насихат жұмысы Октябрь ауданының Ленин орта мектебінде де жақсы ұйымдастырылған. Мұнда лекторлар тобы құрылған, оны мұғалім Н. Құсайынова жолдас басқарады. Жоспар бойынша лекторлар съезд қарарына байланысты арнаулы тақырыптарға баяндамалар жасап тұрады.

Сол сыяқты. Преснов ауданындағы Айымжан жетіжылдық мектебінің оқытушылары да оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту білумен қатар партия ұйымы мен колхоз өміріне үнемі араласып, колхозшылардың саяси және еңбек белсенділігін көтере беруде жергілікті партия ұйымына көмектесіп отырады. Әресе, бұл мектепте коммунистер М. Рабаев, Н. Сатин, С. Әбішев сыяқты оқыту-

барын тұрады, саяси және ғылыми тақырыптарға лекциялар оқыды, баяндамалар жасайды.

Алайда, селолық интеллигенцияның басым көпшілігі болып отырған бастауыш, жетіжылдық және орта мектеп мұғалімдерінің бәрі бірдей ауыл-селолық жерде саяси-тәрбие, үгіт-бақаралық жұмысқа белсене қатысып, жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдарына жеткілікті көмектесіп отыр деуге болмайды. Мектепте күнделікті берген сабағымен ғана қанағаттанып, үйінен шығып мектепке барып қайтуды ғана білетін, совет мұғалімін құрмет-қошеметке, партия сеніміне бөлетін — саяси әлеумет жұмысына араласу ісіне мән бермейтін, сөйтіп, өзі тәрбиеленіп отырған совет балаларының ата-аналарынан қол үзген, мал фермасында, тұқым тазалаушылар арасында, оқу үйі мен кітапханада, ауылдық советте не болып жатқанын білмейтін оқытушылар да бар. Ондай мұғалімдер әдетте өзінің жалпы және саяси білім дәрежесін көтермейді, марксизм-ленинизм теориясымен қарулану ісімен шұғылданбайды. Тек сондықтан ғана өздері сабақ беретін класта не сабақ беретін пәннен оқушылардың үлгеруінің төмен екендігіне түсінбегендіктерінен кейбір мектептер мен кластарда тәрбие-тәрбие жұмысының қанағаттанғысыздығына, оқушылардың үлгеруінің төмендігіне совет педагогикасының шеңберіне сыймайтын дәлелсіз сылтауларды іздестіріп табуға тырысады.

Преснов ауданындағы Майбалық жетіжылдық мектебінің оқытушылары Ө. Бекбауов, Т. Құсайынов, Ө. Сәліков жолдастар саяси тақырыпта колхозшылармен әңгіме өткізбейді, баяндама жасамайды, партия мен үкмет саясатын үгіттеудегі, насихаттаудағы өздерінің борыштарын орындамайды. Мектепте тәрбие-тәрбие жұмысының жайы нашар, оқушылардың үлгеруі өте төмен. Оның себебі бірен-саран болмаса, бұл мектептегі оқытушылардың

жалпы білім дәрежесін көтермейді. Көзіргі уақытта марксизм-ленинизм ілімімен ойдағыдай қаруланбаған адамда творчестволық өрлеудің, саяси қырағылық пен өткірліктің, өмірде болып жататын үлкенді-кішілі оқиғаларға маркстік-лениндік теория тұрғысынан, партия саясаты мен мемлекет мүддесі тұрғысынан қарау сыяқты қасиеттің болмайтындығын жоғарыда аты аталған жолдастар түсінбей келеді.

Марксизм-ленинизм теориясымен қарулану ісіне, идеологиялық жұмыстың барлық түрлеріне партиямыз орасан зор мән беріп отырғанда орта, жоғары білімі бар совет маманының, сауатты совет адамының үгіт және насихат жұмысына араласпай отыруы совет интеллигенцияның атағына сыйымсыз және мүмкін емес. Идеологиялық жұмысқа жете мән бермеушіліктен арылатын уақыт жетті.

Партияның XIX съезінде жасаған баяндамасында Г. М. Маленков жолдас: «Адам санасын капитализмнің қалдықтарынан, ескі қоғамның соқыр сенімдері мен зиянды дәстүрлерінен тазартуда партияның идеологиялық жұмысы маңызды роль атқаруға тиіс. Бұдан былай да көпшіліктің қоғамдық борышты жоғары сезінуін күшейтіп отыру, еңбекшілерді советтік патриотизм мен халықтар достығына, мемлекет мүдделеріне қамқорлық көрсетіп отыруға тәрбиелеп отыру, совет адамдарының ең жақсы қасиеттерін — біздің ісіміздің жеңетіндігіне сенімін, қандай қыйыншылықты болса да жоюдан тайынбайтындығын және ол қыйыншылықтарды жоя білетіндігін жетілдіріп отыру керек» екендігін ерекше атап көрсетеді.

Партиямыздың нұсқауларын селолық интеллигенция мүлтіксіз жүзеге асыруға тиіс. Ал, жергілікті партия ұйымдары селолық интеллигенция арасындағы саяси-тәрбие жұмысын күшейтіп, оларды үгіт және насихат жұмысын жақсарту беруге жұмылдыруы керек.

Ж. МҰРАТОВ.

ПХЕНЬЯН.
Халық-Демократиялық армиясының февраль күні 6-ы Корей Халық халық еріктіле

ВЬЕТ ПЕКІН. 25
агенттігінің хабарына қарай, Куангыны Да-Нангеді жаудың тылшынам Халық армиясы ірі табыс зонадағы және түстігінде Вьет бөлімдері дүпке ұшыратты.
Үстіміздегі ж

«УДАРНИК»
Бүгін «МАЙ»
Сеанстар сағат Касса сағат

ССРО Х МЕ
1953 ж жылғы) ме талады.
Бұл за I апрельге алулары ке нен алған анықтама н Көрсеті алу правос

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табы